

Әрінова Б.А.
**Қазақстан Республикасы
жалпы орта білім беру
жүйесінде «Өзін-өзі тану»
пәнін оқытудың қазіргі жаңа
бағыттары**

Мақалада жалпы білім беретін мектептердегі «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы қазіргі жаңа бағыттарға ғылыми-әдістемелік талдау жасалады. Автор «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктеріне сипаттама бере отырып, «Өзін-өзі тану» пәнінің жалпы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде міндетті пән ретінде оқытылу тарихына шолу жасайды.

Пәннің оқытылу тарихы үш кезең бойынша қарастырылады. Бірінші кезеңінде өзін-өзі тану рухани-адамгершілік бағдарламасының еліміздің барлық аймақтарында тәжірибеден өтуі сөз болады. Екінші кезеңде өзін-өзі танудың жалпы білім беретін мектептердің барлық деңгейлеріне міндетті пән ретінде ендірілуі және пәннің мемлекеттік білім беру стандарты, оқулықтары және оқу-әдістемелік кешендерінің дайындалуы туралы айтылады. Ал үшінші, яғни қазіргі кезеңде жаңа бағыттарда оқытылып отырған пән мазмұнына құрылымдық талдау жасалады. Сонымен қатар автор аталған пәнді қазіргі уақытта жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқытуда басшылыққа алынатын абсолютті мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінің ізгілік педагогикасындағы орнына сипаттама береді.

Түйін сөздер: ізгілік педагогикасы, рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы, оқыту әдістері, өзін-өзі тану, оқытудағы жаңа бағыттар, абсолютті мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар.

Arinova B.
**New directions of teaching the
subject «self-cognition» in the
system of general secondary
education in the republic of
Kazakhstan**

In the article presents scientific and methodical analysis about new ways of teaching the subject "Self-cognition" in secondary schools. Characterizing features of spiritually-moral program "Self-cognition" the author makes a review of the history of teaching the subject at all levels of the system of General secondary education as a compulsory subject. The history of teaching of the subject is a divided into three periods. In the first period refers to the experiment in all regions of our country to implement the program of spiritual and moral education. In the second period seen the introduction of self-discovery at all levels of secondary school as compulsory subject and on the preparation of state standard of the subject, development of textbooks and teaching-methodical complexes on the subject. In addition, in the third period analyzed the content and structure of the subject in new directions today. The author also gives a description of the eternal universal values, and about their place in humane pedagogy. The author reveals the essence of such values as truth, love, righteous conduct, inner peace and non-violence, and identifies three conditions of teaching the subject in new directions.

Key words: humane pedagogics, the program spiritually moral education, learning methods, self-knowledge, new directions in teaching, eternal universal values.

Аринова Б.А.
**Новые направления
преподавания предмета
«самопознания» в школах
Республики Казахстан**

В статье сделан научно-методический анализ о новых направлениях преподавания предмета «Самопознание» в общеобразовательных школах. Автор делает обзор истории преподавания предмета «Самопознание» во всех уровнях системы общего среднего образования как обязательного предмета. История преподавания предмета делится на три периода. В первом периоде говорится о проведении эксперимента во всех регионах нашей страны по внедрению программы духовно-нравственного образования. Во втором периоде рассматривается внедрение самопознания во все уровни общеобразовательной школы как обязательного предмета и о подготовке государственного стандарта предмета, разработки учебников и учебно-методических комплексов по предмету. А в третьем периоде проанализировано содержание и структура предмета преподавания по новым направлениям на сегодняшний день. Автор раскрывает сущность таких ценностей, как истина, любовь, праведное поведение, внутренний покой и ненасилие, и выделяет три условия преподавания предмета по новым направлениям.

Ключевые слова: гуманная педагогика, программа духовно-нравственного образования, методы обучения, самопознание, новые направления в преподавании, абсолютно вечные общечеловеческие ценности.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІНДЕ «ӨЗІН-ӨЗІ
ТАНУ» ПӘНІН
ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ
ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ**

Кіріспе

Қазақстан Республикасының қазіргі қоғамдық дамуында мектеп оқушыларына берілетін рухани-адамгершілік білім мазмұны жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясының аясындағы жалпыадамзаттық, ұлттық, этномәдени және тұлғалық құндылықтардың үйлесімді жинақталуына бағдарланған. Бұл құндылықтар жас ұрпақтың өзін толық іске асыруына, өмірдегі өз ролі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуына, еліне, қоғамға қызмет етуіне мүмкіндік беретіндей дәрежеде болуы керек. Сол себепті қазіргі жеткіншектердің өзін-өзі тануы, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі басқаруы және өзін-өзі іске асыруы олардың әлеуметтенуіндегі стратегиялық бағыттардың бірі деп саналады.

Өзін-өзі тану білімінің құндылық тұрғысындағы мәнін күшейте түсіп, жеке тұлғаның риясыз сүюін, өзіне және өз күшіне сенуін, жақсылық жасауын, өзін-өзі жетілдіруі мен өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу қабілеттерін дамытады. Осы ретте жалпы білім беретін орта мектептерде міндетті пәндердің бірі ретінде оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәнінің алатын орны ерекше. Бұл пән оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін ашуға, түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес шешуге, өзі мен өзгелерді, сонымен қатар, өзін қоршаған әлемді бағалай білуге үйретуді көздейді. Өзін-өзі тану нәтижесінде жеткіншектер өз ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болуға, азаматтық және елжандылық танытуға және ізгілік әлеміндегі игі істердің басында тұруға дағдыланады. Сонымен қатар өзін-өзі тану адамның шығармашылық белсенділікке ұмтылуын, жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін үдеріс ретінде олардың тұлғалық интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға да негіз болады.

Қазақстан Республикасының қазіргі даму жағдайында мектеп оқушыларының білімі мен біліктілігін, шығармашылық қабілеттіліктерін, адамгершілік қасиеттерін, дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, жағымды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – басты мақсат екендігі ҚР білім беру саласындағы ресми- нормативтік құжаттардың, Елбасының әр жылғы Жолдауларындағы идеялардың өзегін құрайды.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі, білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту мәселелері» айрықша атап көрсетілген. [1].

Сол сияқты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2102 жылғы Қазақстан халқына Жолдауындағы еліміздің адами капиталының сапалы өсуі деп аталатын басым міндеттерінің бірі ретінде айтылған «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамын күшейту керек. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар меншіктің қай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс», – деген сөзі жас ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне үлкен міндеттер жүктейді [2].

Негізгі бөлім

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үдерісіне ендірілу тарихы. Қазіргі уақытта қазақстандық білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде бүгінгі қоғам талабына сай тұлға қалыптастыруға баса назар аударылуда. Осы орайда, еліміздің жас ұрпағына жасалған игілікті істің бірі ретінде ізгілік әлеміндегі жаңа бастама «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мәні мен маңызы ерекше деп саналады. Жеке тұлғаның құндылықты бағдары, адамгершілік сапалары, адамның тұтас болмысы туралы ой қозғап, рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын бұл бағдарламаның мақсаты әр адамның қоршаған ортада өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінуге; адамның өзін-өзі толық іске асыруға; өзінің әлеуметтік рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуға; қоғамға қызмет ету әлеуетін көтеруге; әрбір тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету болып табылады [3].

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының бүгінгі таңда он бес жылдан астам тарихы бар. Жаңа ғасырдың алғашқы жылдарынан, яғни 2001 жылдан бастап

еліміздің білім беру ұйымдарында эксперимент жүргізіліп, оған 61 мектепке дейінгі мекеме, 75 жалпы білім беретін мектеп, 10 мектеп-интернат, 1 колледж, 30 жоғары оқу орындары қатысты. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын эксперименттік байқаудан өткізуді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету «Бөбек» ҰҒПББСО-ның Адамды үйлесімді дамыту институтына жүктеліп, пәннің стандарты, оқулықтары және оқу-әдістемелік кешендері әр кезеңнің талаптарына сай дайындалды. Бұл істі жүзеге асыру мақсатында институт базасында еліміздің танымал ғалымдары, уақытша құрылған ғылыми-зерттеу ұжымдары қызмет атқарып, өзін-өзі танудың пән ретінде қалыптасуы мен дамуына өз үлестерін қосты.

Қазақстан Республикасында рухани-адамгершілік білім беру тұжырымдамасының алғашқы нұсқасы психология ғылымының докторы, профессор Х.Т. Шерьязданованың жетекшілігімен дайындалды. Тұжырымдаманың негізіне адамның өзіне, өзгелерге, табиғатқа, қоршаған ортаға және ұлттық құндылықтарға ізгілікті қарым-қатынас орнатуына ықпал ететін адамның үйлесімді дамуына қажетті идеялар салынды.

Бұл тұжырымдаманың негізінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын эксперименттік байқаудан өткізуді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ететін екі балама бағдарлама жасалды. Олардың біріншісіне республикалық мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру институтының әдіскері Н.И. Бахмутова, ал екіншісіне психология ғылымының докторы, профессор Х.Т. Шерьязданова жетекшілік етті.

«Өзін-өзі тану» оқу пәнінің келесі тұжырымдамалық негіздері 2002 жылы ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтының ғалымдары профессорлар Ә.Нысанбаев пен Г.Г. Соловьева жазған «Балалармен бірге өзгереміз» атты еңбекте көрініс тапты. Бұл ғалымдар «Өзін-өзі тану» оқу пәнінің мақсаты жаһандану жағдайында бақытты өмір сүре алатын, қоршаған ортамен ізгілікті қатынас орнататын, басқа халықтарға түсіністікпен қарай алатын және әртүрлі мәдениеттер мен өмірлік тәжірибелерге құрмет танытатын, сонымен қатар өзінің ұлттық бейнесін сақтап, қорғай алатын рухани-адамгершілік мұраттармен қаруланған, біртұтас рухани дамыған адам қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп пайымдады.

«Өзін-өзі тану» оқу пәнін білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде, яғни мектепке дейінгі білім беруден бастап, жоғары оқу орын-

дарындағы оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің бірізді желілік тақырыптық жоспары 2003 жылы дайындалды. Біріктірілген бағдарлама бойынша оқу-әдістемелік кешендерді дайындау философия ғылымдарының докторы М.Ш. Хасанов және педагогика ғылымдарының кандидаты К.Т. Калилахановаға тапсырылды.

Эксперименттік байқаудан өтіп жатқан бұл пәннің ұлттық компонентін күшейту мақсатында 2003 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының базасында педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Қ. Құсайыновтың басқаруымен еліміздің танымал философ, психолог, педагог, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы ғалымдарының қатысуымен уақытша ғылыми-зерттеу ұжымы құрылып, олар «Өзін-өзі тану» оқу пәні тұжырымдамасының жаңа нұсқасын дайындады. Бұл нұсқада жалпыадамзаттық құндылықтар Қазақстан қоғамының адамзат тарихымен үйлесімді дамуы қазақ халқының рухани мәдениеті, этнопедагогикасы тұрғысындағы мәдени-тарихи және ділдік ерекшеліктерге сәйкес қарастырылып, адамның өзін-өзі тануы адам әлеуетін дамытуға бағытталды.

«Бөбек» ҰҒПББСО адамның үйлесімді дамуы институтында 2004 жылы «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының дамытуды жетілдірудің жаңа стратегиялық бағыттары жасалды, оларда пәнді эксперименттік байқаудан міндетті пәндік қызметке трансформациялау міндеті қойылды. Осы міндетке сәйкес философия ғылымының докторы, профессор Е.Е. Бурованың жетекшілігімен 2005 жылы пәннің ұлттық білім беру жүйесіндегі орны оның бағдарлық, бейімділік, интеграциялық және жүйекұрушылық сияқты негізгі қызметтерінің сипатымен анықталды.

2006 жылы АУДИ ғалымдары мен әдіскерлерінің алдына пәннің білім мазмұнын стандарттау және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жобалау мақсаты қойылды. Осы жылы Қазақстанда жалпы орта білімді 12 жылдық білім беру жүйесіне көшіруге байланысты педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Ж. Жадринаның жетекшілігімен «Өзін-өзі тану» пәнінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2006) дайындалып, тұңғыш рет нәтижеге бағдарланған білім беру үдерісінде құзыреттілік түріндегі оқу жетістіктерін анықтаудың әдіснамалық негіздері жасалды. «Өзін-өзі тану» пәнінің мақсат-міндеттерінің шеңберінде осы жылы оқулықтар мен ОӘК дайындау мәселесі қолға алынды.

Сөйтіп, осы уақыт аралықтарында «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі

теориялық тұрғыдан дәйектеліп, пәнді оқытудың әдістемесі жасалды. Қазақстандық ғалымдар А.Н. Нысанбаев және Г.Г. Соловьева рухани-адамгершілік білімнің философиялық тұрғысын, К.Ж. Қожахметова педагогикалық және этнопедагогикалық тұрғысын, М.Х. Балтабаев оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мәденилік тұрғысын, Х.Т. Шеръязданова рухани-адамгершілік білім берудегі психологиялық тұрғысын зерттеді. М.Ш. Хасанов, Б.К. Дамитов, Б.А. Әлмұхамбетов т.б өзін-өзі тану курсының концептуалды-теориялық негіздерін және оны білім беру жүйесіндегі реформаларға сәйкес тәжірибеге енгізудің жолдарын қарастырса, М.Ж. Жадрина, Ғ.З. Байжасарова, Б.А. Әрінова, Ұ. Әбдіғалппарова, Б.К. Құдышева, Г.И. Қалиева, С. Сейтақов, Р.О. Изғұттынова, Ж.Ж. Әкімбаева, Ж. Қажығалиева т.б. осы пәнді білім беру ұйымдарына енгізуде оны жалпы мемлекеттік стандарттарын нормативтік-құқықтық негіздерін жасап, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен бастап, бағдарлы мектеп аралығындағы оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындады. 2010 жылы «Өзін-өзі тану» пәні еліміздің білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне жаппай ендірілді [4].

Ал бүгінгі таңда аталған пәнді оқытудың жаңа кезені, жаңа белесі алға шығып отыр. «Өзін-өзі тану» пәнін жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде оқытудың әдістемесі түбегейлі өзгеріп, рухани-адамгершілік білім мазмұнын меңгерту ізгілікті педагогикаға негізделіп, пән мазмұны жалпыадамзаттық абсолютті мәңгілік құндылықтарға құрылуда. Оқытудағы мұндай бетбұрыс ең алдымен қазіргі жаһандану жағдайындағы әлемдік өзгерістер, жаңартулар және адамзат баласының дамуындағы рухани дағдарыстарға байланысты екендігі сөзсіз. «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесінің жаңарып, толығыуы адамның құндылықтар жүйесін дұрыс түсініп, оларды өз өмірінде, әртүрлі жағдаяттарда дұрыс пайдалана білуімен сипатталады. Осыған орай «Бөбек» ҰҒПББСО Адамның үйлесімді дамуы институтының қызметкерлері «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын интегративтік тұрғыда жаңа қырынан қарастыруда. Мұндай игілікті іске Р.А. Мұқажанова, Г.А. Омарова, Г.И. Қалиева, Р. Мұратханова, Р.О. Изғұттынова, Ж.Ж. Әкімбаева, И. Калачева және т.б. мамандар атсалысып отыр.

«Өзін-өзі тану» пәнін жаңа бағытта оқытуда жалпыадамзаттық рухани құндылықтар әрбір адамның ішкі жан дүниесінің тереңінде жатқан, оны түрлі әрекеттерге ұмтылдыратын өмірдің идеалды формасы түрінде қарастырылады. Ға-

лымдар бұл құндылықтардың өмірге, сұлулыққа іңкәрліктен, тұрмыс қуанышынан, адамдар арасындағы қайырымдылық пен өзара түсіністіктің мәнін және өзінің өзгелерге керектігін сезінуден туындайтынын және бұл сезінудің тамырының сүйіспеншіліктен тарайтынын дәйектейді. Жалпыадамзаттық құндылықтардың адамгершілік категориялары ретіндегі сипаты, адам өміріндегі орны сонау ежелгі грек философиясынан бастау алады. Құндылықтар туралы мәселені алғаш рет Сократ көтеріп, бұл мәселені өз философиясының негізі етіп алды және оны игілік (благо) тұрғысында қарастырды. Міне, осы кезден бастап әр адам үшін дұрыс әрекет, ал сол әрекетті жүзеге асыратын қайнар көздер жалпыадамзаттық рухани құндылықтар деп аталып келеді. Педагогикада жалпыадамзаттық құндылықтарды білім мазмұнына енгізу мәселесі ХХ ғасырдың 80-90 жылдары жолға қойылып, оның ғылыми негіздерін И.Я. Лернер, В.Ожонь, Л.Я. Зорина және т.б. ғалымдар қарастырды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет ізгілік әлеміндегі жаңа бастама «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы дүниеге келді.

Пәнді оқытуда рухани адамгершілік білім мазмұнының негізіне айналатын оқу материалдарының мазмұнын іріктеудің қазіргі кезінде гуманистік бағыты, жалпыадамзаттық мәні, маңыздылық деңгейі және жан-жақтылығымен ерекшеленетін Т.И. Петракова үшке бөліп қарастырған құндылықтар басшылыққа алынған. Оның ұсынған құндылықтар жүйесі төмендегідей үш жіктемеге байланысты қарастырылады:

Табиғи құндылықтар бұл адамның табиғи күші мен жан дүниесінің қабілеттілігі құндылықтары: яғни ақыл ой, сезім, күш жігер (ақылдың айқындылығы, ойдың ұшқырлығы, сезімнің тазалағы, естің сенімділігі, күш жігердің қайраттылығы).

Жүре пайда болған құндылықтар бұладамның интеллектуалды және адамгершілік тұрғыда дамуы барысында меңгерген құндылықтар әдептілік, сыпайылық, сыйластық, жанашырлық, кеңпейілділік, ақкөңілділік, сабырлылық т.б.

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар ол уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен, шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар. Абсолюттік (мәңгілік) жалпы адамзаттық құндылықтар тұлғаға рухани адамгершілік білім берудің негізгі өзегі болып табылады. Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар табиғи және жүре пайда болған құндылықтарды да қамтиды.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару ізгілікке жол ашады, сол себепті олар барлық адами қасиеттердің өзегі болып табылады. Ішкі үйлесімділікке қол жеткізу үшін адам ойы, сөзі, ісі адами тұлғаның мынадай аспектілеріне сәйкес келетін жалпыадамзаттық құндылықтарға сай болуы тиіс. Осыған орай қазіргі оқыту үдерісінде өзін-өзі тану сабақтарын ақиқат – интеллектуалды деңгей (ажырату деңгей), сүйіспеншілік – адамгершілік деңгей, дұрыс әрекет – физикалық деңгей, ішкі тыныштық – эмоциялық деңгей (сезім), қиянат жасамау – рухани деңгейді білдіретін жалпыадамзаттық бес құндылыққа бағыттау аса маңызды деп танылуда. Сонымен қатар пәнді оқытуда «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасын тиімді жүзеге асырудың ізгілікті педагогикаға негізделген төмендегідей үш шарты басшылыққа алынады:

I шарт. Сүйіспеншілік сенім, шығармашылық шабыт атмосферасын құру, өзін-өзі зерделеуге, өзін-өзі интуитивті түрде ұғынуға жағдай жасау. Оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеттестігінде бірі-біріне деген сенім үлкен рөл атқарады. Мұғалім шәкіртінің қабілетіне, оның бойындағы адамгершілік қасиеттерге құрметпен қарауы тиіс. Оқушының жеке басын құрметтеу оның өзін-өзі түсінуіне, ұғынуына жағдай тудырады. Керемет мұғалім баланы шабыттандыра біледі. Жүрегіне нұр ұялатып, әр ісіне сүйіспеншілік танытқан жағдайда бала кез келген істі құлшына, ықыласпен әрі шабыттана атқарады. Сөйтіп, ынтымақтастық және шығармашылық атмосфера туады.

II шарт. РАББ оқытудың тұтас педагогикалық үдерісімен ықпалдастыру. Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды жалпыадамзаттық құндылықтарды сабақ барысында ғана емес, сыныптың және мектептің тұтас педагогикалық үдерісімен байланысты жүргізілуі арқылы ұйымдастыру қажет.

III шарт. РАББ үдерісінде тек жағымды позитивті әдістерді қолдану қажеттігі. Өзін-өзі тану сабақтары басқа пәндерді оқыту әдістерінен өзгеше. Өйткені мұнда оқушының ғылыми негіздегі оқу материалдарын меңгеруі ғана емес, оның тұтас тұлғалық қалыптасуына қажетті құндылықтар жүйесі беріледі. Сол себепті пәнді оқытуда тек жағымды әдіс-тәсілдер қолданылады. Сүйіспеншілікке құрылған сабақ оқушыны тек ізгілікке жетелейтіні сөзсіз. Бұл шарттар бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырылуы тиіс [5].

Бұл аталған шарттарды ізгілік педагогикасының постулаттары түрінде қолдану «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың адамгершілік-рухани сипатын арттыруға ықпал етері сөзсіз. Өйткені, ізгілік педагогикасының педагогикалық үдерісте баланың шынайы адами құндылықтарды танып білуі және оны меңгеруі; баланы әлеуметке қарсы бағыттайтын тәсілдердің қолдануына жол берілмеуі; мектеп ұжымы өмірінің заттық-материалистік және рухани ортасын, моральдық-психологиялық ортасын ізгілендіру сияқты мектептерде «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі деп саналады. Мұны ізгілік педагогикасының өкілі академик Ш.А. Амонашвилидің «Әр бала белгілі борышпен өмірге келеді және әр сәбидің тек өзіне тиесілі жаны – ішкі дүниесінің сәулесі бар. Ата-ана мен педагогтің міндеті сол сәуленің жоғалып кетуіне жол бермей, баланың өмір жолына бағыт көрсету», – деген сөзімен тұжырымдауға болады [5].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыру өз кезегінде пәнді оқытудың жаңа кезеңіне қадам жасап отыр. Бұл игі істің тарихи бастауы болашақтың еншісінде деп айтуымызға болады. «Өзін-өзі тану» пәнін жалпы білім беретін мектептерде жаңа бағытта оқытуда басшылыққа алынатын абсолютті мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар ізгілік педагогикасының өзегі болып табылады. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау сияқты мәңгілік жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды өз ойы мен ісінде бірдей қолданған адам нағыз кемелденген, рухани бастауға жеткен адам деп саналады. Сондықтан әлемді құндылық тұрғысында ұғыну барысында өзін-өзі танудың рөлі шексіз арта түседі. Бұл өз кезегінде жеке тұлғаның өмірдің мәнін, өзінің өмірдегі орнын түсінуіне көмектеседі.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Білім беру Заңы // Егемен Қазақстан. 2007 ж. – 7 шілде.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауы. – Астана, 2012.
- 3 Өзін-өзі тану. Қазақстан Республикасы Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2006.
- 4 Әрінова Б.А. Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының ҚР жалпы білім беру жүйесіне ендірілуін құрылымдық-функционалды талдау // Әл-Фараби ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2014. – №2(42). – 12-18 б.
- 5 Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе. – Алматы: ННПОЦ «Бөбек», 2013. – 176 с.
- 6 Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М., 2001.

References

- 1 The law of Education of the Republic of Kazakhstan //Kazakhstan Pravda. 2007. – July 7.
- 2 Nazarbayev N.A. “Social-economic modernization as main vector of development of Kazakhstan”. The message of the President of the Republic of Kazakhstan to people of Kazakhstan dated 27 January 2012. – Astana, 2012
- 3 Self-cognition .The state compulsory standard of Education of the Republic of Kazakhstan. – Almaty: National scientific-practical, education and health center “Bobek”, 2006.
- 4 Arinova B.A. Spiritually-moral education In General education programs available sports equipment structural-functional analysis // Al-Farabi KazNU Bulletin. “Pedagogical Sciences” series. – 2014. – №2 (42). – P. 12-18.
- 5 Mukazhanova R. A., Omarova. G.A. Methods of teaching of discipline “Self-cognition” in school. – Almaty: National scientific-practical, education and health center “Bobek”, 2013. – 176 p.
- 6 Amonashvili Sh. A. Musings on humane pedagogic. – M., 2001.